

Туризм жөніндегі кеңес құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1631 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 231 қаулысымен

Туризм жөніндегі кеңес құру туралы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2022 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбында және мәтінде "Үйлестіру кеңесінің" деген сөздер " Кеңестің" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.23. N 387 қаулысымен.

Елдің экономикасындағы туризмнің рөлін арттыру және туризмді дамытуды үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Туризм жөніндегі кеңес құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Туризм жөніндегі кеңес туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы

30 қазандағы N 1631

қаулысына

қосымша

Туризм жөніндегі кеңестің құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970; өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 22.02.2017 № 85; 22.06.2017 № 385; 18.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, төраға

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм
индустриясы комитетінің төрағасы, хатшы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
вице-министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісу бойынша)

Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары

Ақмола облысы әкімінің орынбасары

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары

Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Түркістан облысы әкімінің орынбасары

Алматы облысы әкімінің орынбасары

"Қазақстандық индустрияны дамыту институты" акционерлік қоғамының
басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Туристік қауымдастығының президенті (келісім бойынша)

Қазақстандық қонақүйлер және мейрамханалар қауымдастығының президенті
(келісім бойынша)

"Табиғат" Қазақстанның қауымдастықтары мен кәсіпорындары экологиялық
одағының төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстанның туристік ұйымдарының ұлттық конфедерациясының
президенті, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстан Республикасындағы
жәрдемдесу қауымдастығының төрағасы (келісім бойынша)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғи
ресурстар факультетінің деканы (келісім бойынша)

Қазақстанда қолөнер мен этнотуризмді дамыту орталығының директоры (
келісім бойынша)

"Менің елім" ішкі туризмді дамыту қауымдастығының директоры (келісім
бойынша)

"Көкше" академиясының өкілі (келісім бойынша)

"Арман Тур" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім
бойынша)

Дүниежүзілік туристік ұйымның іскерлік кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)
"Фирма Саят" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы (келісім бойынша)

"KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

"Қазақстан мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы жеңіл авиациясы қауымдастығының президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің "Туризм" мамандығы бойынша республикалық оқу-әдістемелік комиссиясының мүшесі (келісім бойынша)

"Елордалық туризм қауымдастығы Астана, Қазақстан" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

"Хан Тәңірі" туристік компаниясының бас директоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 30 қазандағы

№ 1631 қаулысымен

бекітілген

Туризм жөніндегі кеңес туралы ереже

Ескерту. Тақырыбында және мәтінде сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.23. N 387 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Туризм жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабын іске асыру мақсатында құрылды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.04.23. N 387 қаулысымен.

2. Кеңес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Кеңес қызметінің басты мақсаты туризмді дамыту жөніндегі мәселелер бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ елдің туристік кешенін дамытуды жандандыруға бағытталған мемлекеттік органдар қызметін үйлестіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

4. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан

Республикасының Заңын, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.04.23. N 387 қаулысымен.

5. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

5-1. *Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.01.2013 N 55 қаулысымен.*

2. Кеңестің негізгі функциялары мен құқықтары

Ескерту. 2-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.04.23. N 387 қаулысымен.

6. Кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға министрліктердің, ведомстволардың және өзге де ұйымдардың қатысуы жөнінде ұсынымдарды әзірлеу;

2) туристік рынокта қалыптасқан процестерді талдау мен болжау негізінде шешімдер қабылдау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асыру жөнінде ұсыныстарды әзірлеу;

3) туристік қызметі экспорттау және импорттау саласындағы демпингке қарсы саясат жөнінде ұсыныстарды әзірлеу;

4) туризмнің басым түрлері мен туристік аймақтарды қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген ұсыныстарды әзірлеу;

5) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың туризмнің қауіпсіздігі және туристік лектерді бақылауды қамтамасыз ету бойынша қызметті үйлестіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

6-1. Кеңестің функциялары мынадай мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлеу болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында туризмді дамыту 2) экономиканың осы салаларына инвестициялар тарту;

3) Қазақстан Республикасына келудің қолайлы режимін қамтамасыз ету және туристердің шет елдерге шығуы үшін жағдайлар жасау;

4) республиканың туристік беделін қалыптастыру;

5) туристік қызмет саласында мамандар даярлау;

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.23. N 387 қаулысымен.

7. Негізгі міндеттерді және өз функцияларын іске асыру мақсатында Кеңес заңнамада белгіленген тәртіппен:

өз құзыреті шегінде:

1) туризмді дамыту мәселелері жөнінде мемлекеттік органдардың және өзге де органдардың қызметін үйлестіру жөнінде ұсынымдар әзірлеуге;

- 2) туристік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыруға;
- 3) туризм саласындағы заңдық және нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу қажеттігі туралы ұсыныстар енгізуге;
- 4) өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан сұратуға және алуға;
- 5) Кеңестің құзыретіне жататын қажетті материалдар әзірлеуге ғалымдар мен жоғары білікті мамандарды тартуға;
- 6) орталық және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық деректер банкіні пайдалануға;

6-1) туристік қызметтерді тұтынушыларды қызметтер көрсетудің сапасы туралы ақпараттандыру мақсатында оларға бекітілген тәртіп бойынша туристік ұйымдардың рейтингін жүргізеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы ережеге сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 6-1-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.23. N 387 қаулысымен.

3. Кеңес қызметін ұйымдастыру

8. Кеңес төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Кеңес мәжілістерінде төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кеңес жүзеге асыратын қызметке, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіруге және Кеңес әзірлеген шешімдерге дербес жауап береді. Төраға болмаған уақытта оның функциясын орынбасары орындайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.30. N 1155 Қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

Кеңестің жұмыс органы Кеңес жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар Кеңес отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Кеңес мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970; 22.02.2017 № 85 қаулысымен.

10. *Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.23. N 387 қаулысымен.*

11. *Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.*

12. Кеңес мәжілісі қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

13. Кеңестің кезекті мәжілісінің күн тәртібін, сондай-ақ оның өткізілетін орны мен уақытын Кеңестің Төрағасы белгілейді.

14. Кеңестің кезектен тыс мәжілісін төраға өз бастамасымен, немесе Кеңес мүшелері жалпы санының кемінде үштен екі бөлігінің өтініші бойынша шақырылады.

15. Кеңестің мәжілісі оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі қатысса, өкілетті болып саналады.

16. Кеңес отырысы өткізілгеннен кейін Кеңес хатшысы хаттама ресімдейді.

Хатшы Кеңес мүшесі болып табылмайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

17. Кеңес шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Кеңес отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген Кеңестің есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Кеңес отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Кеңес хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Кеңес мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Кеңес мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

18. Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдауға тиісті мәселелер бойынша ұсыныстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде белгіленген тәртіппен ресімделеді және оның мәжілісіне енгізіледі.

19. Дауыс беру парақтарымен қоса, Кеңес материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

4. Кеңес қызметін тоқтату

20. Кеңес өз қызметін Нұсқаулықта көзделген негіздер бойынша тоқтатады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК